

## НЕМІС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕЛІКТЕУІШ ЖӘНЕ БЕЙНЕЛЕУІШ СӨЗДЕРДІҢ СИНТАКСИСТІК СИПАТЫ

Синтаксис ілімі тілдің негізгі бірліктері сөздердің бір-бірімен тіркесуін, олардың өзара байланысын және олардың ойды білдірудің бірден-бір көрінісі болып табылатын сөйлемдегі орны мен қызыметін зерттейді. Қазақ тілінде еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер синтаксистік түрғыдан алып қарағанда сөйлемнің басқа сөздерімен тығызы байланыста болатын болса, неміс тілінде олар сөйлемдегі басқа сөздермен қосылып, сөз тіркесін де түзе алады және олармен қосылмай, жеке дара да тұра береді.

Қазақ тілінде еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер негізінен тек етістіктермен тіркеседі. Онда, біріншіден, соның ішінде еліктеуіш сөздердің де, бейнелеуіш сөздердің де жалан түрі мен күрделі түрі *ету* көмекші етістігімен кіріге байланысып, бір тұтастықты білдіреді. Мұндай тіркестер тілімізде жиі қолданылады:

1. *Жебе бұл жолы ердің соңғы қасына барып сарт етті.*

2. *Садағын тарта берген Әділкерей Ажардың алгаашы шар ете қалған үні шыққанда селк еткен* [1].

Ал бейнелеуіш сөздер *ету*-ден өзге **қылу**, **қағу**, болу сияқты көмекші етістіктермен синтаксистік байланыска туседі:

1. *Лек-лек бол сыртқа шыққан құлдардың біреуінің де кісен, не бұғауы жоқ* [1].

2. *Ауыл жақта жаңа жамыраган қозылар у-шуымен дүниені азан-қазан қылып, жаңа гана қорадан өріп барады.*

3. *Барған жерде кемпірдің зар қағып жылағаны, Жәмиланы баурына тығыт, /.../ Қадишаңың қатып қалған көңілін жібіте алған жоқ* [2].

Бейнелеуіш сөздер сонымен бірге өзінің мағынасына үйлесе алатын бірқатар толық мағыналы етістіктермен де тіркеседі:

1. *Тоқпақ жалды тор айғырлар тоқтау білмей, борт-борт желеді.*

2. *Бірақ асқанга тосқан деген, Өзбек хан олісіменен Төре бидің жағдайы кілт өзгерген.*

3. *Жылқышы аяғын бірер аттан, «ah» деп қинала бір дауыстап жіберді де, жерге сылқ құлады* [1].

Қазақ тілінде мұндай бейнелеуіш сөз берілгенде етістіктің бірігүйнін тілдегі тұракты тіркеске айналып кеткені бар: *тарс ұмыту*, *көзін тарс жұму*, *зығ жүгіру*.

Мұндай “Еліктеуіш сөздер мен көмекші етістіктің тіркесуінен қалыптасқан құранды етістіктер етістік жүйесінде елеулі орын алады. Ол тіліміздің сөзжасам жүйесінің қажетіне жарап, белгілі бір қымыл ұғымды білдіруші лексикалық бірлік ретінде қызымет атқарады. Жалан сөздердің өресі жетпейтін күрделі ұғымдарымыз, әдетте, осы тәріздес күрделі сөздер арқылы беріледі. Ойды нақтылы әрі көркем етіп жеткізуде,

оған ерекше сұлулық беруде бұлар да маңызды қызмет атқарады“ [3, 404].

Неміс тілінде еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер одағай сөз табының құрамдас бөлігінде қарастырылатындығы белгілі. Еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер де одағайлар тәрізді сөйлемдік құрылышы болмаса да, сөйлемнің қызметін атқаратын, сөйлемге балама ретінде атап көрсетіледі. Ғалымдар одағайлар мен еліктеуіш және бейнелеуіш сөздердің сөйлемдегі орнын бір сөз табының бүл екі тобының өзара ұқсас жақтарының бірі ретінде атап көрсетеді. Дегенмен бүл мәселені, бір жағынан, одағайлар мен еліктеуіш және бейнелеуіш сөздердің өзара ұқсас сәйкестігі деп те, екінші жағынан, өзара айырмашылығы деп те қарастыруға болады. Өйткені одағайлар сияқты еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер де кейде сөйлемде жалпы алғанда басқа сөздермен тікелей қатынасқа түспей, голофрастикалық сипатта жеке дара тұрып, өзінен кейін тұрған сөйлемнің мағынасына өзінше бір ерекше үлес қосады. Мұндай жағдайда олардың өзінен кейін келген сөйлеммен белгілі бір мазмұндық байланысы болады. Әрі сөйлемдегі басқа сөздермен байланыска да түсе алады.

Олар одағайлар сияқты ешқандай синтаксистік байланыссыз жеке дара тұрғанда кейде сөйлемнің басқа сөздерінен сызықша немесе ұтір арқылы белініп тұратыны бар. Бірақ олар сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік тұрғыдан бөлек тұрғынымен, лексикалық тұрғыдан олармен тығыз байланыста болады. Сөйлемдегі еліктеуіш не бейнелеуіш сөз өзінен кейін келген сөйлем бөлігіне немесе сөйлемге “жол сілтеп тұрады”, басқаша айтсақ, еліктеуіш және бейнелеуіш сөзден кейін келген сөйлем немесе сөйлем бөлігі сол сөзді анықтайды немесе оны мағыналық жағынан толықтырады. Мәселен, *Es macht „plöpp“ – ein unheimliches Geräusch* [4] деген сөйлемнің жағымсыз, қорқынышты дыбыс – *ein unheimliches Geräusch* деген екінші жартысы *plöpp* етіп шықкан дыбысты анықтап, оған түсінік беріп тұр.

Құрамында еліктеуіш және бейнелеуіш сөзі бар сөйлем көбінесе алдындағы сөйлемге мағыналық тұрғыдан және **-und** жалғаулығы арқылы байланысып тұрады:

1. **Und – bums** – *schlug er über dem Kleinen den Deckel der Truhe zu.*

2. *In diesem Augenblick kreischte es über den Kopfen der Damen, und – plumps – sa?en vier Mowen vor ihnen auf der Reling* [5].

Қазақ тіліндегі еліктеуіш және бейнелеуіш сөздердің **ету** көмекші етістігімен тіркесетіні сияқты неміс тілінің еліктеуіш және бейнелеуіш сөздері де істеу, жасау деген мағынадағы **machen** етістігімен тіркеседі. Мысалы:

1. /.../ **blubb-blubb macht** *Dicks Motor.*
2. *Der Ast machte knack und brach ab.*
3. *Das Blut hatte im Grabe nicht tropf-tropf machen können, wenn das Herz nicht weiter gegangen ware* [6, 385].

Дуден грамматикасы мұндай тіркесті сол еліктеуіш және бейнелеуіш түбірлі, толық мағыналы етістікпен алмастыруға әбден болатынын айтады. Мәселен, осы мысалдарды былай айтуда болар еді: ... **blubbert** *Dicks Motor.* *Der Ast knackte und brach ab.* *Das Blut hatte im Grabe nicht tropfen können...*

(Әрине, қазақ тілінде де еліктеуіш және бейнелеуіш сөз берің қандай да бір көмекші етістіктің тіркесуінен туған құранды етістікті оның жалан тұрімен алмастыруға болады: *тарас-тарас ету – тарсылдау, шарт-шарт ету – шартылдаут.б.*)

Еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер **machen** етістігімен тіркескенде кейде тырнакшамен немесе үтірмен қолданылатыны кездеседі:

1. *Die Munzen klapperten, und die Ladenkasse machte „Bimm“* [7].
2. *Tingeltangel, macht die Klingel der Straenbahn und keiner wei? wohin* (8).

Ал неміс тілінде кейбір еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер тұрақты тіркестерді құрайды. Мысалы, қазақ тіліндегі тез, шапшаш деген мағынада қолданылатын *апыл-гүпүл* бейнелеуіш сөзінің неміс тіліндегі мағыналық жағынан баламасы ретінде атауға болатын **husch, hui** сөздерін предлогпен бірге келетін *im Husch, auf einen Husch, in einem Hui* тәрізді тіркестерден көруге болады. Мұндай шапшаш, жылдам қымыл-қозғалысты білдіретін бейнелеуіш сөздер сонымен қатар сөйлемнің басқа сөздерімен де синтаксистік қатынасқа түсе алады. Мысалы:

*Bei ihm geht alles hui. – Ол барлығын апыл-гүпүл жасайды.*

*Schwurps packte er es. – Ол оны сатыр-сұтыр жия қойды.*

Бұл жерде **ach** одағайы мен еліктеуіш сөздің заттанған тұрінен және *mit* предлогінен құралған *mit Ach und Krach* – әрең-пәрең деген мағынаны білдіретін тіркесті де атауға болады. Сондай-ақ қазақ тіліне «Сырты бүтін, іші түтін» деп аударуға

болатын мынадай мәтел бар: *Oben hui, unten pfui*. Мұнда **pfui** еліктеуіш сөзі мен **hui** бейнелеуіш сөзі **oben** және **unten** үстеулерімен тіркесіп тұрғанын көреміз.

Еліктеуіш және бейнелеуіш сөздердің сөйлемде қандай мүше болуы олардың тіркескен сөздерімен тікелей байланысты. Қемекші етістіктермен тіркескен еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер сөйлемдегі орнына және одан ары тіркескен сөздеріне қарай сөйлем соңында келсе, күрделі баяндауыштың, ал басы мен ортасында келсе, күрделі сын-кимыл пысықтауыштың қызметін атқарады:

1. *Жалғыз қоңгеге ілінсе болғаны тырп еттейді.*
2. *Еламан мырс етіп күлін жіберді* [9].

Бұл сөйлемдердегі толық мағыналы етістіктердің алдында тұрған **мырс етін**, селк **етіп** тіркестері **қалай?** деген сұраққа жауап беріп, сын-кимыл пысықтауыш, **жаслт етсе, тырп еттейді** тіркестері – күрделі баяндауыш бол түр.

Бейнелеуіш сөздер сөйлем соңында өздері тұрып баяндауыш қызметін де атқарады: **Тонның, тысы жоқ, бидай шүберегі алба-жұлба** [9].

Ету қемекші етістігімен тіркескен еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер сөйлемде зат есімнің алдында тұрса анықтауыш қызметін атқарады:

1. *Тек алыс қыырда, әр тұстан жылт еткен от көрінеді.*
2. *Сыртта дәртениң сықырлаганы, әлдебір түйенің бық еткен дыбысы естілді* [10].

Бұл сөйлемдердегі **жылт еткен** және **бық еткен** тіркестері қандай? деген сұраққа жауап беріп, *от, дыбыс* зат есімдерін анықтап түр.

Ал толық мағыналы дербес етістіктермен тіркескен еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер әр-қашан **іс-әрекеттің** сын-сипатын білдіріп, пысықтауыш болады:

1. *Сол жасында, дәл құлақ тубінен жас жусанды бытыр-бытыр басқан тұяқ топылы естіледі.*
2. *Ораз-Мұхамед бұрылып қарай жаздал, калт бөгелді* [10].

Неміс тіліндегі төмендегі мысалдардағы еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер пысықтауыштың қызметін аткарып түр:

1. **Husch** – *liefen sie davon.*
  2. **Schwupp** – *war das Karussell verschwunden* [5].
- Генчель/Вайдт **machen** етістігімен бірге колданылған еліктеуіш не бейнелеуіш сөздің сөйлемде пысықтауыш қызметін атқаратынын айтады: „*Was macht die Katze? – Miau*“ [11, 297]. Бірақ біздіңше еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер

мұндағы жағдайда қазак тіліндегідей күрделі баяндауыш болады: *Wein nicht über den, der hier eben plumps gemacht hat* [8]. Ал сөйлемнің басқа мүшелерімен байланыссыз тұрған еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер одағайлар секілді сөйлем мүшесі бола алмайды.

Осы тарауда сөз болғандарды қысқаша қорытып өтсек, еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер синтаксистік тұрғыдан қазак тілінде сөйлемнің басқа сөздерімен тығыз байланыста болады да, неміс тілінде сөйлемдегі басқа сөздермен қосылып та немесе ешқандай тіркессіз де қолданыла алады. Қазак тілінде еліктеуіш және бейнелеуіш сөздердің барлығы дерлік **ету** қемекші етістігімен еркін тіркесіп, тілімізде көркем әдебиетте де, аузызекі тілде де кеңінен қолданылады. Бейнелеуіш сөздер **ету-ден** басқа **қылу, қағу**, болу сияқты қемекші етістіктермен және бір қатар толық етістіктермен синтаксистік байланыска түседі. Ал неміс тілінің еліктеуіш және бейнелеуіш сөздері сөйлемде негізінен одағайлар секілді ешқандай синтаксистік байланыссыз жеке дара тұрады. Дегенмен олар сөйлемнің басқа сөздерімен тіркеспесе де, олармен лексикалық тұрғыдан тығыз байланыста болады. Олар сөйлемнің бір бөлігімен және **- und** жалғаулығы арқылы байланысады. Кейір еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер тұрақты тіркестерді құрайды. Қазак тіліндегі тәрізді неміс тілінде еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер **істеу, жасау** деген мағынадағы **machen** етістігімен жиі тіркеседі.

Еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер қазак тілінде күрделі баяндауыштың, күрделі сын-кимыл пысықтауыштың және анықтауыштың қызметін аткараса, неміс тілінде негізінен пысықтауыш пен күрделі баяндауыш болып келеді.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Есенберлин I. Алтын Орда. Тарихи трилогия. Алматы, 1987.
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығ. жин. Эңгімелер. Алматы, 1979. 1-т.
3. Қазак грамматикасы. Астана, 2002.
4. Donnelly E. Servus Opa, sagte ich leise. Hamburg, 1999.
5. Kruss J. Der Leuchtturm auf den Hummerklippen. Hamburg, 1999.
6. Duden – Die Grammatik der deutschen Gegenwartssprache Band 4 Dudenverlag Mannheim/Wien/Zurich, 1984.
7. Apitz B. Der Regenbogen. Roman. Halle, 1977.
8. Borchert W. Das Gesamtwerk. Hamburg, 1995.
9. Нұрнейісов Ә. Қан мен тер. Трилогия. Алматы, 1991.

10. *Магаин М.* Аласапыран. Тарихи роман. Алматы, 1981.

11. *Hentschel E. /Weydt H.* Handbuch der deutschen Grammatik Walter de Gruyter, Berlin. New York, 1990. 451 s.

### **Резюме**

Эта статья о синтаксической характеристики звукоподражательных и образных слов в немецком и казахском языках. В ней рассматриваются связь между

звукоподражательными/образными словами и другими словами в предложении и функции членов, которые эти слова выполняют в предложении.

### **Summary**

This article is about syntactic characteristics of onomatopoeical words in the German and Kazakh languages. It studies the relationship between onomatopoeical and other words in the sentence as well as their functions as the parts of the sentence.